



№9 (195), 2024
(Қыркүйек-Сентябрь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Н. ЕСЕНФАЗЫ

Қазақ билер бірлестігі – қазақ психологиясының ажырамас
бөлігі3

А. АБСАТОВА

Ұлттық қасиет – ұлт ұйытқысы.....6

А. АЛДАБЕРГЕНОВА

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мектеп пен
отбасының рөлі.....8

А. ИМАНАЛИЕВА

Баланың мектепте оқуға қабілеті жайында10

А. МАХАНОВА

Нейропедагогика арқылы мектепалды даярлық топ
балаларының шығармашылық дағдыларын дамыту.....13

О. СОСНИНА

Психологическая поддержка педагогов20

Н. ПИВОВАРОВА

Психологические аспекты управления
общеобразовательной школой23

С. ГУСМАНОВА

Коррекция и развитие речи детей с задержкой речевого
развития25

Д. МЫРЗАХМЕТОВА

Күйзеліс кезінде психологиялық тұрғыдан қолдау және
сүйемелдеу30

З. АМАНДЫҚОВА

Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың танымдық
қызығушылығын ойын әрекеті арқылы арттыру.....33

К. ҚЫДЫРБАЕВА

Сказкотерапевтическая игра для учащихся 5 класса35

Д. НИЯЗОВА

Есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар 39

Г. ОЛЖАБАЕВА

Мектеп, оқушы, ата-ана ынтымақтастығын нығайтуға
арналған психологиялық тренинг41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

03. 09. 2024 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>

типографиясында

басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев

көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М.П. Кабакова – канд. психол. н.,
профессор (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

А.Х. Кукубаева – д. психол. н., проф.
(Кокшетауский унив. им. Абая
Мырзахметова)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Астана қ.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 03. 09. 2024 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Қазақ билер бірлестігі – қазақ психологиясының ажырамас бөлігі

Н. ЕСЕНҒАЗЫ

Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол!

Қазақ билері – ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің де қызметін атқарған. Билер өздерінің бір ғана сөзімен талай даулы мәселелердің дұрыс шешімін тауып отырған. XIX ғасырдың бас кезіне дейін қазақтардың өздеріне тән бірегей дәстүрлі билер соты болды. Билер соты қылмыстық, мүліктік, ішкі отбасылық тәртіп бұзушылықтар мен қылмыс түрлерін қарап, қоғамның құқықтық өмірін ретке келтіріп отыратын. Ол көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтына бейімделген еді. XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Ресейдің патша үкіметі билер сотын бірте-бірте жоя бастады.

Би сотының шешімін сұлтандар жүзеге асыратын. Би өзінің сіңірген еңбегі үшін «бидің билігі» деген сыйақы алатын. Ол кінәлі жақтың есебінен өндірілетін. Сыйақының мөлшері дауда өндірілетін мүліктің оннан бір бөлігіне тең болатын. Демек, би-билеуші ғана емес, сонымен қатар білім мен өнер иесі, яғни өз заманының тарихшысы, заңшысы, ақылшысы. Қазақ сөз қадірін білген халық, сөзге тоқтаған халық. Жалпы қазақ елі тарихындағы билер институтында аты шыққан ұлы тұлғалардың саны аз емес.

Қазақ мемлекетіндегі билер басқарудың сабақтастығы. Қазіргі жағдайда Тәуелсіз ел басқарудың тың жолдарын іздестіргенде ұмытыла бастаған билер институтын белгілі бір деңгейлерде қайта жаңғыртсақ та артық болмас еді.

Қалың қазақ шоғырланған жерде халықтық ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, басқарудың билер институты сияқты түрінде қолдануға болар еді. Бұл әрине, күні ертең осы бағытпен жүрейік деген сөз емес. Бірақ, өзіміздің төл табиғатымызға жақын басқару әдісін ұстансақ, одан көштен қалып қоймайтындығымыз анық. Демек, қазақ билер бірлестігін пайдаланып, талай шаруаны тыңғылықты шешуге болады. Сонда ол көп нәтиже берер еді.

Билердің ең үлкен тағылымы – олар сөз құдыретін, сөз ғылымын терең меңгерген адам. Олар қоғамның дамуында сөзді құралына айналдыра білген. Сонысымен қоғамды дамытушы, жетектеуші құралға, ілгері апарушы құралға айналдырған. Дәл қазір билердің басқаруын көңінен енгізуге толық мүмкіндік бар. Қазіргі қабылданып жатқан заңдарға халықтық мазмұнға ие билер үрдісін пайдалану жөніндегі арнаулы бап енгізсе де жөн болар еді.

Сонда бізді толғандыратыны: неге біз патшалық отарлауға дейін мұрты бұзылмаған ел басқарудың тамаша үрдісі – қазақ билер бірлестігін қайта жандандырмаймыз деген ой еді. Бізге, енді ғана Тәуелсіздіктің дәмін тата бастаған іргелі елге, ғасырлар бойы жалғасқан халықтық дәстүрді қайта жаңғыртпасқа?

Талғам таразысына салып көрейікші. Қашан қазақ жері отарлау саясатының құрсауына түскенге дейін қазақ билер бірлестігі арқылы дау-дамай, жанжал ғана емес, азаматтық, елдік, рулық мәні бар мәселелер кең көлемде шешіліп

отырды. Билердің басқаруы өмірдің, күнделікті тіршіліктің қажеттігінен туындаған, қазақтың ұлттық табиғатына сай келетін. «Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» деп, қандай шаруаны болмасын сабырлықпен, көптің қатысуымен, елдің төрелік етуімен, билердің билік құруымен шешіп отыратын. Соның арқасында ешкімді итжеккенге айдатпаған, абақты, түрме тұрғызудың қажеттілігі болмаған. Бітім, құн беру, келісімге келу, ағайыншылық жолдарымен талай күрделі мәселенің күрмеуі шешілген. Қандай мәселені де әр ауылдың билері үнемі әділдікпен шешіп отырған.

Қазақта «Он үште – отау иесі, он алтыда – ордаға кіреді» деген сөз бар. Өйткені 16 жас – кәмелет жасы. Ордаға кіреді деген сөз осы жаста хан сайлауға, би сайлауға, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге қатысады деген ұғымды білдіреді. Ал халық сынынан өтіп, ақыл-парасатымен танылған балалар 16 жасында би болып сайланған, ел басқару ісіне араласқан. Өз ұлының бойында би боларлық қасиеттері бар екенін байқаған ата-ана оның дүниеге көзқарасын дұрыс қалыптастырудың амалын қарастырған. Оны жас кезінен атақты билердің нөкерлері қатарына қосуға тырысты. Сөйтіп бала жастайынан далалық сот билігінің небір нәзік тұстарын меңгеруге ден қоятын. Болашақта би болудан үміткер бала қылмыстық істер қаралатын сот ісіне үнемі қатысып отырған.

Қазақ тарихына үңілсек, билер беделі мен орнына қарай: төбе би, төтенше би, жеке би, бітуа би, аға би, бала би болып келеді. Әркімнің өзінің билік айтатын, пәтуаға шақыратын тұстары болған. Мәселен, төтенше би шұғыл мазмұндағы мәселелерді шешкен. Бұл – тұрақты би емес, мұндай мәртебенің қай-қайсысы да билердің кеңесуімен ғана берілген. Өздері «мына мәселеде пәленшенің білігі бар, соны белгілесек» деп отырған. Әрмен қарай қалай алып кетеді, ол сол бидің парасат-пайымына байланысты болған. Әдетте би атаулы өзінің ойын дәлелдеп шығатын, соған үлкен дайындығы бар, өмірлік-пәлсапалық тәжірибесі мол, құқықтық мәселелерді терең меңгерген адамдардан іріктелген. Аңғаратын бір жайт, қазақта билердің айтқандарына бәрі де мойынсұнған, бұл бір қаймағы бұзылмаған елдіктің әдемі нышандары. Халықтың осындай қарапайым тәжірибесінен туындаған қазылық институт, билік-төрелік айту әдеті қалыптасқан.

Билер туралы сөз еткенде жадымыздан шығармайтын бір мәселе – қалың қазақ шоғырланған жерде ғана, онда да басқа ұлт мәдениетінің ықпалы үстемдік етпеген кезде ғана қазақ билер ақылдасу алқасы нәтижелі жұмыс істейді десек шындыққа сәйкес келеді. Қазақ Елінің тарихынан хабары бар, қазақ ұлттық құндылықтары мен бабалар өсиетін білетін қазақ азаматтары ғана қазақ билер бірлестігінің шешіміне ден қоюы мүмкін. Мұның өзі халықты тәрбиелеп қана қоймайды, әрі рухани жағынан қанағаттандырады.

2023 жылдың 17 қыркүйегінде Алматы қаласында өткен «Бауырбас Жиыны-3» деген Құрылтайға қатыстым. «Бауырбас Жиынын» екі жыл қатарынан өткізген. Бірақ, Ақтөбе облысы, Атырау облысы, БҚО, Маңғыстау облыстары бұрын қатыспаған екен. Батыста орналасқан облыстар бойынша Қазақстан Республикасының Бас биі болуға лайық, Жарғыға сай бір үміткер ұсынындар деген өтініш түсті. Төрт облыстың қоғам белсенділері мені Қазақстан Республикасының Бас биі ретінде үміткерлікке ұсынды.

Қазақстан Республикасының Бас биі болуға лайық деген бес адам сайлауға түстік. Көп дауыспен Ермек Бақдәулетұлы БЕЙСЕМБЕК (Ермек Албан) сайлан-

ды. Қалған төрт үміткерге ұйымдастырушы облыстың бас биі деген Қазақ Билер Алқасының Куәлігі бір жылға берілді.

Ақтөбеге келгесін бірден іске кірістік. Біраз игі шаралар атқардық.

Қазақ Билер Қоғамдық Бірлестігінің мақсаты: Қазақ халқының бұрынғы Елдік үрдісін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қайта жаңғырту. Ұлттық, Елдік, мемлекетшіл сананы қалыптастыру. Мемлекет тұтастығы мен береке-бірлік тұрмыс жолында Халық пен Үкімет ортасында дәнекер болу. Ынтымағы жарасқан, Ырысы тасыған Ел болу үшін қызмет ету.

Міндеті: Билер алқасы – кеңесуші әрі шешім шығарушы ұйым. Қазақ елінің мықты, үлгілі мемлекет болуы үшін, Елдік салт-сананың қалыптасуы, нығаюы һәм дамуы үшін қызмет етеді. Кез-келген мәселені ортаға салып талқылап, имани-ұлттық негізде шешім ұсынады. Таратып айтқанда: көпшілік арасында туындаған мәселелерді Ұлттық дәстүр негізінде, Мейірім мен Әділдік, Жанашырлық пен Қамқорлық, Мәрттік пен Кеңдік, бір сөзбен айтқанда Адамгершілік қағидаттарына сүйене отырып шешуге күш салады. Мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен қоян-қолтық қызмет атқарады, оларға түрлі ұсыныстар жасайды. Ел аумағындағы Билер алқасының жұмысын үйлестіріп, реттеп отырады.

Қызмет аясы: Ұлттық құндылықтарды насихаттау, салт-дәстүрді дәріптеу, Ел бірлігін қалыптастыру. Ұрпақ тәрбиесі ісіне атсалысу. Қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, маңызын арттыру. Отбасыны сақтап қалу және отбасын құруға жәрдемдесу. Араздасқан ағайынды татуластыру. Ұсақ заң бұзушылықтарды ушықтырмай шешу, алдын алу. Тәртіп сақтау ісіне жәрдем беру. Ауылдың немесе тұрғылықты жердің көркеюіне, тұрмысының жақсаруына атсалысу. Мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдарға ұсыныстар айту, бірігіп жұмыс істеу. Шешімдердің жүзеге асуын қадағалау, т.б.

Би сайланған азаматтың мақсат-міндеттері:

1. Халық пен Үкімет арасындағы дәнекер бола білу, ауылдың (тұрғылықты жерінің) береке-бірлігіне қызмет ету;
2. Ұлттың діл-мінезін бойына сіңіру, салт-дәстүрін білу, ұстану әрі насихаттау;
3. Барлық істе ашықтықты, жариялылықты, әділдікті жолға қою;
4. Көпшіліктің ұсыныстарын тыңдау және сол ұсыныстарды «Қазақ Билер Ақылдасу Алқасына» жеткізу;
5. Ағайын арасында, жергілікті ұлттар арасындағы ынтымаққа дәнекер болу;
6. Ел мүддесі қорғалар тұста халық жағында болу, ақиқат, әділдік һәм ұлттық мүдде тұрғысынан билікке батыл талап қоя білу (арадағы дәнекерлікті біліктілікпен сәулелендіру);
7. Ел (ауыл, ағайын) арасындағы өсек-аяңға, арыз-шағымға, көралмаушылыққа, ұсақ тірлікке жол бермеу;
8. Барлық жанды (ауылдастар мен туыстарды, бар қазақты) өзіне жақын ұстау, тең көру, аралас-құраластың, мәміленің адамы болу;
9. Әлеуметпен (қоғамдық ортамен) жиі байланыста болу;
10. Қазіргі заманға сай ақпараттық құралдарды пайдалана білу, әлеуметтік желілерде халықпен ашық тілдесіп отыру;
11. Ел алғысына, Халық өзі жарнамалайтын дәрежеге ұмтылу;

12. Өзінен мықты би болуға лайықты адамдарды іздеу және халық арасында Қазақ Билер Ақылдасу Алқасының ісін насихаттау;
13. Барлық мәселелерде тек «Қазақ Билер Ақылдасу Алқасымен» ақылдаса, кеңесе отырып, шешім қабылдау; Жарғы бойынша жұмыс істеу;
14. Билерге және Халыққа ақпараттық қызмет көрсету, яғни барлық болып жатқан мәселелермен бөлісіп отыру;
15. Барлық қала және өңірлердің жеке-жеке «Қазақ Билер Ақылдасу Алқасы» орталығын ашуға (филиал ретінде немесе жеке) тіркелуге атсалысу;
16. Қазақ Еліндегі барша билермен байланыста болу (әлеуметтік желілер арқылы), ақылдасып отыру, ортаға салынған мәселеге ой қосу;
17. Ел арасындағы сотқа дейінгі мәселелерді бітімгерлікпен шешу;
18. Білім-біліктілігін жетілдіріп отыру;
19. Кез келген адамшылыққа немесе ұлттық тәрбиеге кереғар нәрселерге ескерту айтуға, тоқтатуға, түзетуге міндетті.

Ұлттық қасиет – ұлт ұйытқысы

А. АБСАТОВА

«Біз өзіміздің ұлттық жүйемізді, тарихи танымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек» деген Елбасының сөзі ұлттық тәрбиені күшейтуде психологияның орны ерекше екенін байқатады.

Өнегелі де, білімді, өнерлі де зерек жас ұрпақты тәрбиелеп, халық беделін көтеріп, әлемге танытуда ата-баба тәрбиесін бойға сіңіруде жан-жақты психологиялық бақылау әсері қажет.

Ұлттық психологияның түп тамыры халқымыздың тарихы, өмір сүрген ортасы мен мәдениеті, мәдени дәстүрінде жатыр деуге болады. Қай кезде болсын, шәкірттің, жас буынның өнеге тұтар өзіндік тәлім-тәрбиесі болған. Сондықтан да болашақ ұрпақтың сана сезімін халықтық салт-дәстүрмен сабақтастыру – бүгінгі психологиялық тәрбиенің өзекті мәселесі.

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылық пен мейірімді, имандылық пен инабаттылықты дәріптейді. Ата-бабаларымыз баланы бесігінен жақсы әдетке баулыған.

«Үлкендерді сыйла, сәлем бер, жолын кеспе», «Өтірік айтпа» деген сөздердің мәні ешқашан жойылмақ емес.

«Жігітке жеті өнер де аз», «Қызға қырық үйден тыйым» деп ұлдың да, қыздың да өнерлі, өнегелі жан болуына жол сілтеген. Бұл орайда психология арқылы адамның жан-дүниесіне, жеке басының қайталанбас ішкі болмысына, құрбы-құрдас, аға-іні, әке-шешеммен қарым-қатынасына үңілудің маңызы зор. Психологиядан хабары бар адам өзін-өзі түсіне біледі, ұнамды, ұнамсыз қасиеттерін таразыға сала алады. Байқағыштық, ойлағыштық, зейінділік, зерек-

тікке тәрбиелейді.

Сондықтан психологияны әр жас ұлан ынта ықыласпен түсінуге мән беру керек.

Ұлттық қасиетті қалыптастыратын рухани құралдар: тіл, ойлау қабілеті, салт-дәстүр, тәрбие, психология. Бұл ұғымдар бір-біріне тәуелді. Тіл – ойды жүйелеуші, демеуші болса, тәрбие – психологияны қалыптастырушы. Салт-дәстүр – ұлттық өмір сүру дағдысы, ұлттық психология – халықтың табиғи даралығы.

Халқымыздың талайды тамсандырған үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, бауырмалдық қасиеттерді танып-білуге баулу психологтың басты міндеті.

Адам мінезін қалыптастырып, жан-дүниесін ашып, ақыл-ойындағы олқылықты аңғарып, дұрыс жолға салып қайта тәрбиелеу көп ізденісті қажет етеді. Сезімталдық пен пайымдағыштық қасиетті жетілдіру үшін ең алдымен баламен жеке жұмыс тиімді. Әр бала өзін-өзі бағалайды, басқаның да бағалауын керек етеді. Сол себепті өз тәжірибемде баланың ой-пікірімен санасуды дұрыс деп түсінемін. Тіпті шәкірт киімінің көркемдік эстетикалық лайықтылығына да көңіл аударуды жөн көремін. Әсемдікке үйір емес жан жоқ. Психологтардың зерттеуі бойынша киім көңіл күйге әсер етеді. Ескі киім көңілді басса, жаңа киім көңілді көтереді.

Жалпы оқушының психологиясын бақылауда сыныптастарымен қарым-қатынасын ғана емес, жанұядағы жағдайын да ескеру артық емес. Жанұяның мектеп, ұстаз туралы оғаш ой-пікірі баланың білімге деген ынтасын төмендетіп, тәртіптің нашарлауына әсер етеді.

Сол себепті психологиялық жұмыста ата-анамен де пікірлесіп, ол кісілердің ой түйінін бақылау, мектеп оқушысының психологиясына ықпал етуге көмек береді. Жалпы мектептегі психологиялық тәрбиеде оқушының өзіндік тұлғасын әр сынып бойынша социометрия әдістемесінің көрсеткіш диаграммасына жете көңіл бөлу қажет. Сол арқылы сыныптағы оқушылардың көшбасшылары мен белсенділері айқындалып, оқшауланған, ұнамсыз мінезді топтар көрінеді. Өз мектебімде мен жасөспірім туралы мәліметпен бірге, оның мектеп пен жанұяда, басқа орында өзін ұстауы, өз беделін сақтауы, күн режимін сақтауы, жолдас-жорасы, мінез-құлқы, қызығушылығы мен көзқарасын айқындап аламын. Мұғалімнің қарым-қатынасы, оқушының өз мектебі мен ұстазы, жолдас-жорасы туралы ой-пікіріне көңіл бөлінеді. Мектептің көшенді, мақсаттық проблемасы бойынша ұлттық рухани негізде жаңаша оқытудың және тәрбиелеудің жолдарын тауып, оны дамыту мен қалыптастырудың, алғы шарттарын іске асыру үшін психологиялық диагностика жасаудың мәні зор. Онда мектептің табалдырығын аттаған оқушы деңгейін анықтап, үлгермеуші оқушының жеке сұранысын зерттеп, жоғары сыныптағылардың интеллектін анықтап, мектеп бағдарламасын меңгеруде қиналатын оқушылар іріктеледі. Топ бойынша әр түрлі ойындарға оқушыларды тартып жеке мінездеме жинақтап, қызықтыратын мәселе бойынша мұғалім мен ата-анаға кеңес, ұжымда психологиялық жақсы жағдай туғызып, ұстаз мәдениетіне әсер етіп, бала мүмкіндігін ашып, оқуға ынтасын арттырады. Осының бәрі психологиялық зерттеу нәтижесі бойынша мониторинг арқылы қорытындыланып отырады. Психология жұмысында әдістеме нәтижесі аз емес. Бақылау арқылы баланың бейнелі логикалық ойлауы мен ой операцияларын талдау және жалпылау процестерін зерттеу мақсатында балаларға

арналған нұсқау бойынша бірнеше сурет беріліп, ондағы бейнеленген 4 заттың біреуі артық, суретке зейін қойып, қай заттың артық екенін табуға уақыт беріледі. Осы орайда ұлттық киімдер үлгісі, ұлттық аспап ұстаған балалар суреті бейнеленіп, нендей бұйым, пайдаланылуы туралы айтылады. Барлық пішін және оларды бөлетін қасиет аталуы тиіс. Осындай зерттеулер психологиялық мінездеме, ұлттық қасиет туралы мағлұмат беруге көмектеседі. Ал зерттеу нәтижесі тек психолог емес, ата-аналар кеңесі, сынып жетекшілеріне дөңгелек үстелдер өткізу, дәріс арқылы жетілдіру қоршаған орта көзімен шешуге мүмкіндік береді. Әрі мектептегі оқушы психологиясының жан-жақты зерттеліп, баланың ой-өрісінің жетілуіне ықпал етеді.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мектеп пен отбасының рөлі

А. АЛДАБЕРГЕНОВА

Бүгінгі таңда басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- Оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- Жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- Ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт - дәстүрін, рухани мәдени мұраларды қастерлеу.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі аталар мен әжелер, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып болдырмаудың негізгі жолы.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі.

Сондықтан да ұлттық тәрбие - ел болашағы.

Қазақ халқының ғасырлардан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби музыкалық, кәсіби тұрмыстық фольклорлар арқылы жетіп отыр.

Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне, өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды.

Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты – бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу болды.

Сондай-ақ қазақ отбасында адам зиялылығының негізі ақыл-ой тәрбиесі деп есептелінді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы білім қорымен қаруландыру, негізгі ойлау операцияларын меңгерту, дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешілді.

Қазақ халқында ерекше құрметтелетін қасиеттің бірі – ар болып есептеледі. Ары бар адамда намыс та, әділдік те, адамгершілік пен имандылық та болары сөзсіз.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан.

Мектеп қабырғасында тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақтарға осы ұлттық тәрбиені сіңіріп, оның ерекшелігін терең білуге, құрметтеуге, үйретуге тиіспіз. Қазақ халқының салт дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор. Оқушыларымызға білім беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану олардың ұлттық рухын қалыптастыруға мол үлесін қосады.

«Баланы жастан» демекші, мектеп оқушыларының санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы салт-дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады.

Қазақ отбасының өнегелері жеке бастың мінез-құлқы мен рухани мәдени құндылықтарын қалыптастырудың баспалдақтары болды.

Сонымен, қазақ отбасы тәрбиесіндегі мәдени құндылықтары деп мына төмендегілерді атауға болады:

- Сегіз қырлы, бір сырлы азамат тәрбиелеу;
- Отанды, халқын, жерін, елін сүю;
- Адал, арлы азамат тәрбиелеу;
- Жеті атасын білуге тәрбиелеу.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде-ақ оқушы бойына сіңе бастайды.

Қазіргі кезде халықтық педагогика элементтерін бастауыш сыныптарда қазақ тілі, ана тілі, математика, дүниетану, бейнелеу өнері, дене шынықтыру, сабақтарында кеңінен қолданудың маңызы артып келеді.

Мысалы, математика сабағында ақыл-ой қабілетін дамытатын ойындармен, ән-күй сабақтарында түрлі әуендермен танысады.

Оқушыларды жоғары мәдениетті адам етіп тәрбиелеу біздің басты міндетіміз.

Ол үшін, ұстаздар қауымы оқушыларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын діңгегін түсіндіре білуіміз керек.

Ұлттық тәлім – тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты. Өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы отбасында, екінші мектепте болғандықтан, ата-аналар мен мұғалімдер тығыз байланыста болуы шартты нәрсе.

Елімізде тәрбие беру ісінде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы ерекше. Сонымен қатар, бала тәрбиесінде өзіміздің ұлттық дәстүрімізде жасалған мультфильмдердің, кітаптар мен бейнетаспа үлгілерінің атқарар рөлі ерекше.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» - демекші, ата-дәстүріміздің қалыптаса беруіне отбасы тәрбиесінің ықпалы зор.

Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз.

Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту баршамыздың парызымыз.

Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Баланың мектепте оқуға қабілеті жайында

А. ИМАНАЛИЕВА

Мақсаты: балалардың мектепте оқуға психикалық дайындығын, ой-өрісінің даму деңгейін анықтау.

Материалдар: тестке арналған нұсқау, нәтижелерді тіркеу бланкі (6-10 кесте), сурет түріндегі ынталандыру материалдары.

Тест 10 бөлімнен тұрады: суреттегі оқиға, түсті ажырата білу, заттардың атын білу, санды қабылдау, кескіндерді орналастыру, санау процесі, заттарды жіктеу, суреттерді салыстыру, төрт тармақты ұқсастықты табу, суретті көшіріп салу, суретті сипаттау. Бұл тапсырманың әр қайсысының өз бағалау жүйесі бар, ол тестіге арналған нұсқауда қосыша түсіндіріледі. Барлық нәтижелер тіркеу бланкіне енгізіледі, жеке түрде орындалады, зертеушінің алдын-ала жақсы дайындығын талап етеді.

Тесттерге арналған нұсқау.

1-тапсырма. «Суреттегі оқиға»

Тапсырма 3 суреттен тұрады. Оны баланың алдына тізбектей ашып, суреттен көріп тұрған оқиғаны әңгімелеуін сұрайды. Балаға ешқандай көмек көрсет-

тілмеуі тиіс. Бала әңгіме құрап болғаннан кейін суреттерді алып қойып, оқиғаның мазмұнын қысқаша қайталап айтуды сұрайды.

1 суретте «Біздің Астана»; 2 суретте «Күз келбеті»; 3 суретте «Киіз үй жиназдары».

7 балл – бала сюжеттегі басты нәрсеге зейін қоя отырып 3 суреттің мағыналық байланысын жақсы жеткізеді. Түйіні – оқиғаның негізгі қысқа мазмұнынан тұрады.

5 балл – бала суреттегі мағыналық байланысты жақсы жеткізеді, бірдей зейінмен мәнді және негізсіз сипаттайды. Оқиғаны қысқаша баяндауда негізсіз сипаттама береді.

3 балл – бала суреттер арасындағы мағыналық байланысты дұрыс және өз бетімен жеткізе біледі, қорытынды да басты ой негізгіге емес, қосымша детальдарға бөлінеді.

2 балл – бала суреттер арасындағы мағыналы байланысты таба алмайды, жеке-жеке сипаттайды.

0 балл – бала әңгіме құрастыра алмайды.

2-тапсырма. «Түсті ажырата білу».

Баланың алдына 12 түсті тақта қояды, және оған түстерді кезекпен айту ұсынылады.

Бағалау: Әр дұрыс айтылған түске 1 балл беріледі.

3-тапсырма. «Заттардың атын білу».

Баланың алдына 9 сурет қойылады: алма, сәбіз, раушан гүлі, алмұрт, қызғалдақ, капуста, карта, қарбыз, асқабақ. Сонан соң әр заттың атауын сұрайды. Әр жауап сайын сол затты көрсетуі тиіс. Егер бала затты дұрыс атамаса зерттеуші соңынан оның қатесін түзеуі керек.

Бағалау: Әр дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.

4-тапсырма. «Санау процесі».

3-тапсырманың суреттерін пайдалану ұсынылады. Баладан сұралады: «Мұнда неше зат жатыр?». Егер бала жауап беруге қиналса немесе дұрыс жауап бермесе одан: «Сен санай аласың ба?» деген сұрақ қойылады. (қажеттілігіне қарай тағыда санауын сұрайды)

Бағалау:

5 балл – тоқтаусыз санау;

4 балл – дыбыссыз айту (ерінді қимылдату арқылы);

3 балл – сыбырлап айту (басын изеу арқылы);

2 балл – заттарды саусақпен көрсетіп санау;

1 балл – заттарды саусақпен түртіп немесе қозғалтып санау;

0 балл – жауап бермеу.

5-тапсырма. «Ретімен санау»

Баладан «Санды ретімен санашы, қанша санай алады екенсің?» - деп сұрайды. Егер бала тапсырманы түсінбесе, онда зерттеуші оған көмектеседі: «1, 2, 3»

Сонан соң баладан өз бетімен санауды қайтадан бастауды сұрайды. Санауды тоқтатқан кезде зерттеуші: «Дұрыс, ал келесі сан қандай?» - деп сұрайды. Баланың тоқтаған саны баға есебінде қойылады.

6-тапсырма: «Санды қабылдау»

II бөлімнен тұрады.

1. Гүл салынған себетті қағазбен жауып: «Мұнда неше зат бар?» - деп сұрайды. Жауап дұрыс болмаса балаға көмектеседі.

Бірінші көмек: Заттар себеттен шығарылып, қаз-қатар тізіліп қойылады. Бірақ жемістер мен көкөністердің арасы ашылып қойылады. «Мұнда неше зат бар?» - деп сұрайды.

Екінші көмек: Жемістер мен көкөністерді қосып: «Мұнда неше зат бар?» - деп сұрайды. Егер бала қиналса заттарды санауды сұрайды;

2. Сонан соң тағы да 3 себетке қатысты тапсырма беріледі. Себеттен қанша зат алынғаны туралы сұралады.

Бағалау: Өз бетімен берген дұрыс жауап үшін тапсырманың әр бөліміне 3 балл беріледі. Ең жоғарғы көрсеткіш 6 балл. Әр көмек үшін 1 балл шегіріледі. Шеше алмаған немесе нәтижесі дұрыс болмаған жағдайда 0 балл қойылады.

7-тапсырма: «Кескіндерді орналастыру».

Материалдар: Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, кескінделген үш карточка.

Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш т.б. геометриялық кесінділер. Карточканы көрсете

отырып баладан: «Мұнда не кескінделген?» - деп сұрайды. Егер бала кескінді дұрыс атамаса, дүзетудің қажеті жоқ. Әр дұрыс жауап 1 баллмен белгіленеді. Сонан соң баладан: «Сен қалай ойлайсың, неге «үшбұрыш» - деп аталады?» . «Төртбұрыш неге төртбұрыш», ал дөңгелек неге «дөңгелек» - деп аталады?» - деп сұрайды.

Дұрыс жауаптар: Үшбұрыштың 3 бұрышы бар, төртбұрыштың 4 бұрышы бар, дөңгелек – дөңгелек болады. Әр дұрыс жауап 1 балл.

8-тапсырма: «Зейін» деңгейін анықтауда келесі тапсырманы орындауға болады:

1. Әр жұп суретті салыстырғанда 10-15 айырмашылық табу;

2. Суреттен сәйкессіздіктерді табу;

3. Аяқталмаған суреттерден салынбаған бөліктің сұрау.

9-тапсырма: «Жадының» деңгейін анықтауда:

1. Балаға мағыналық байланысы жоқ сөздер дауыстап айтылады: піл, жыл, доп, тұз, шу, қол, еден, көктем, ұл. Бала есінде қалғандарын қайталауы керек;

2. Үстелге ұсақ заттар қойылады. Мысалы: қалам, қарындаш, қайшы, сызғыш, шеге, бор, тереуіш, түйме, кілт, жіп. Балаға заттарға қарауға 10 секунд беріледі. Сонан соң заттардың беті жабылады. Бала заттардың атын атауы керек.

10-тапсырма: «Ойлау» деңгейін анықтауда:

1. Жоғарғы деңгей, 5 қағаздың әрқайсысында 4 заттың суреті салынса, оның үшеуі бір-бірімен байланысты болса, бала артық зтты тауып, жауабын негіздейді;

2. Жоғары деңгей, бала сызба түрінде үлгі-нұсқауды оқып, 4 ұқсас тапсырма орындайды;

3. Бала 2 квадраттың детальдарын тізбектей орналастырып, жұмыстың бір бөлігін 25

секундта, қалғанын 20 секундта орындайды;

4. Араласқан суретерді ретімен орналастыру арқылы бала әңгіме, оқиға құрастырады.

Әр суретшінің ертегіге, әңгімеге салған 2 иллюстрациясынан ұқсастықтар мен айырмашылықтар табу.

Нейропедагогика арқылы мектепалды даярлық топ балаларының шығармашылық дағдыларын дамыту

А. МАХАНОВА

Нейропедагогика, нейроғылымдардың жетістіктерін педагогикалық әдістермен біріктіре отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін тиімді дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді. Нейропедагогика – нейроғылымдардың жетістіктеріне негізделген тәрбие мен оқытудың кешенді білім беру жүйесі. Сондай-ақ ол нейропедагогикалық жүйелерді, олардың қасиеттері мен процестерін зерттейді. Нейропедагогика нейродидактикадан, нейропедагогикалық диагностикадан, тәрбие нейропедагогикасынан, нейропедагогикалық түзету мен бейімделуден, нейропедагогикалық ұйымнан (білім беру процесі) тұрады. Тұрақты миды ынталандыру үшін оқытуды жақсарту және шығармашылықты арттыруда нейропедагогиканың нейрофизиологиялық әдістерінің маңызы зор. Нейропедагогика сенсорлық педагогикаға негізделген, баланың сезіміне, көруіне, иіскеуіне, естуіне, тактильділігіне, олардың эмоционалдық жағдайына әсер етіп, шығармашылық дағдыларын арттырып, оқу-тәрбие процесінде мінез-құлықты реттейді.

Қазіргі білім беру жүйесі мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамытудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Бұл тұрғыда нейропедагогика, нейроғылымдар мен педагогикалық әдістердің интеграциясы ретінде, балалардың мақсатты ерекшеліктерін бекітуге және олардың оқуы мен дамуы үшін оңтайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін инновациялық тәсіл болып табылады. Шығармашылық дағдылар икемді ойлауды қалыптастыруда, мәселелерді шешуде және жаңа жағдайларға бейімделуде шешуші рөл атқарады. Сондықтан мектепалды даярлық тобының балаларында шығармашылық дағдыларды дамытудың нейропедагогикалық негіздерін зерттеу өзекті болып отыр.

«Нейропедагогика» термині әлемнің әр түкпірінде бір уақытта пайда болғандықтан, терминді алғаш енгізген ғалымды айту қиын. Дегенмен, «нейробілім» (neuroeducation) терминінің пайда болуы американдық ғалым О'Деллмен байланысты. Оның «Нейробілім: миға сәйкес оқыту стратегиялары» атты нейробілім туралы алғашқы маңызды еңбегі 1981 жылы жарық көрді [1]. Қазіргі уақытта нейробілім және нейропедагогика терминдерін түсіндіруде ешқандай айырмашылық жоқ, олар бірыңғай синоним сөздер ретінде қолданылады. Оған қоса, «білім берудің нейропсихологиясы» (educational neuropsychology), «нейроғылымдар және оқыту» (neuroscience and learning), «білім берудегі нейроғылымдар» (educational neuroscience) терминдерінің негізінде де көптеген еңбектер жарық көрген. 1988 жылы Герхард Прайс

«нейродидактика» терминін ұсынып, қолданысқа енгізген. С. Масонның еңбектерінде нейродидактика нейробілім беру, мектеп пәндерін оқытуға байланысты ми қызметінің механизмдерін зерттейтін педагогика саласы ретінде анықталады [2]. «Нейропедагогика» (neuropédagogie) термині француз тілінде сөйлейтін елдерде жиі кездеседі, ал әлемдік ғылыми әдебиеттерде қолдану жиілігі бойынша «нейробілім беру» (neuroeducation) термині көп қолданыста екендігі анықталды.

Соңғы онжылдықта нейропедагогикалық зерттеулер әлемнің көптеген елдерінде зерттеу тақырыптарының өзектілігіне айналды. XX ғасырдың екінші жартысында нейробиология, психология және педагогика салаларындағы пәнаралық зерттеулер басталды. Оларды бастапқыда психологтар мен медицина докторлары, кейіннен нейрофизиологтар мен нейропсихологтар бұрыннан бар ғылыми пәндер бойынша зерттеудің ұзақ кезеңін әр түрлі бағытта жүргізді. Аталған екі іргелес саланың жетістіктері интегративті бағытқа – нейропедагогикаға біріктірілді. Нейропедагогиканың қалыптасуы мен дамуына ғалым-психолог Л.С. Выготскийдің [3] педагогикалық психология саласындағы қызметі, сонымен қатар нейропсихологияның негізін қалаушы А. Р. Лурияның [4] «Нейропсихология негіздері» атты еңбегі, шетелдік J. Bruer [5], Р.Кейн және Г. Кейн, С. Макклитика, К. Клиника, R. Caine [6], L. Erlauer [7] және т.б. ғалымдардың адам дамуының когнитивті аспектілеріне қатысты ғылыми зерттеулері негіз болды.

Нейропсихология мүмкіндіктерін оқыту мен тәрбиелеуде қолдану А.Р. Лурияның еңбектерінен кейін, Т.В. Ахутина, Ж.В. Глозман, Э.М. Семерницкая, А.В. Цветков сынды ресейлік ғалымдардың зерттеуінің негізі болды [8]. «Мектеп нейропсихологиясы» термині, оны мектепке дейінгі және мектеп жасындағы баланы психологиялық сүйемелдеу тәжірибесіндегі маңызды бағыт ретінде танытқан, Дж. Хиндтің есімімен байланысты [9].

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап нейропсихология негізгі міндеттерін Т.П. Хризман құрастырған жаңа ғылыми бағытты бөлудің бастапқы нүктесі болды, ол мектепте оқу процесін ұйымдастыруда баланың ми құрылымдарының жетілуінің жас динамикасын және баланың ми қызметінің жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттілігімен байланысты болды.

Нейропедагогика (нейропсихопедагогика) – қазіргі заманғы нейро ғылымдардың мәліметтеріне негізделген тәрбиелеудің теориясы мен технологиялары туралы ғылым. Ол «нейрон», «педагогика», «психика» сөздерінен құралған. Баланың миы мен ағзасы нәрестелік және сәбилік шақта ерекше тез дамитындықтан сыртқы әсерлерге өте сезімтал болады. Сондықтан И.П. Клемантович пен В.Г. Степановтың ойынша, баланы белгілі бір дағдыларға ғана емес, одан әрі үйлесімді дамуы өзіне зиянды және пайдалы әрекеттерді білуі өте маңызды [10].

К.А. Морнов бойынша, нейропедагогика - педагогиканы, психологияны, неврологияны, кибернетиканы қамтиды және тәрбиелеу мен оқытудағы тұлғаға бағытталған тәсіл болып табылады. Яғни, педагог үшін оқыту әрекетіне қажетті негіз болатын баланың ішкі әлемі, эмоциялар, сезімдер, психологиялық реакция, мидың жеке ерекшеліктерін, баланың психофизиологиясына сүйене отырып, оны оқыту мен дамытудың кешенді тәсілін қамтиды.

Нейропедагогиканың негізгі мақсаты – алынған ақпарат пен тәжірибені қабылдаумен, сақтаумен, өңдеумен және жаңғыртумен байланысты адамның психикалық қызметінің ми негіздерін зерттеуге сүйене отырып, балалардың жеке нейропсихологиялық ерекшеліктерін оңтайлы ескеріп оқыту және тәрбиелеу жүйесін құру, баланың өзін-өзі дамытуына көмектесу үшін білім берудегі балаға бағытталған тәсілмен интеграциялау [11]. Нейропедагогиканың теориялық негіздері осы әртүрлі пәндердің тарихына, философиясына және гносеологиясына негізделеді.

Қазіргі уақытта дамыған елдерде нейропедагогикаға деген қызығушылық күн санап артып келеді. Ол тәрбие және білім беру қызметіне нейропедагогиканы енгізудің:

- балалардың психикалық энергиясын арттыру;
- жарты шар аралық байланыстарды дамыту;
- зейін, есте сақтау, ойлау және т.б. жоғары психикалық функцияларды дамыту;
- интеллекттің жоғары деңгейін дамыту;
- оқу нәтижесін жақсарту;
- жаңа буын мұғалімдерінің пайда болуы сияқты факторларына байланысты.

Бүгінгі таңда біз нейропедагогиканы нейроғылымдардың жетістіктеріне негізделген тәрбие мен оқытудың кешенді білім беру жүйесі ретінде көреміз. Ол нейропедагогикалық жүйелерді, олардың қасиеттері мен процестерін зерттейді. Нейропедагогика ғылымы нейродидактика, нейропедагогикалық диагностика, тәрбие нейропедагогикасы, нейропедагогикалық түзету және бейімделу, нейропедагогикалық ұйымды (білім беру процесі) қамтиды.

И. Соньер, Н.Н. Трауготт, Т.П. Хризман, К. Ханнафорд, Б. Самплс сияқты ғалымдар «егер педагог, тек сол жақ жарты шарды оқытатын болса, онда тек сол жақ жарты шар ақпараттанады, ал егер оң жақ жарты шарды оқытатын болса, онда бүкіл ми оқытылып, ақпараттанады» деген ойды ұстанады.

Нейропедагогика ғылымына қатысты зерттеулер білім берудегі когнитивті сипаттама, когнитивті стиль аясында жүргізілген. Олардың қатарында Я.А. Тункун (2009), Л. Беттер Лу (2000), Ю. Лайттил (2004), А.А. Толстенева (2008) және т.с.с. шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері бар.

«Көршіңді танысың ба?» - жаттығуы. Мақсаты: оқушылармен танысу, бір-бірі туралы жағымды пікір айту арқылы топты біріктіру, көңіл-күйді көтеру.

Жүргізілу барысы: оқушылар шеңбер бойымен тұрып, әр оқушы оң жағындағы оқушының есімі мен оның жағымды жағын айтады. Шеңбер соңындағы оқушы барлық сыныптастарына жағымды сөз айтып, оқушылар бір-бірінің қолын алып амандасады.

«Мен кіммін?» сергіту ойыны. Мақсаты: өз-өзіне деген жағымды қарым-қатынасты дамыту, сенімділік сезімінің көтерілуі.

Жүргізілу барысы: топ қатысушылары шеңбер бойы бір-біріне доп лақтырысу арқылы «Мен кіммін?» деген сұраққа жауап береді. Әрбір сөйлем «Мен», «Мен қызбын», «Мен көңілдімін», «Мен музыканы жақсы көремін» және т.б. сөздермен басталуы қажет. Біз бүгін, әрқайсымыздың жақсы қасиеттеріміздің бар екендігін айтып мақтана аламыз. Неге десеңіз, басқа адамдарды да біздің басқа жақсы жақтарымыздан қарап, таң қалдыру үшін, нені сүйіп, нені армандайтындығымызды да білу мақсатында өз іс-әрекетімізді талқылағанымыз жөн.

«Жарнама» жаттығуы. Мақсаты: оқушыларды өзін мақтап, жарнамалауға, өз қабілетіне сенуге, өзгелермен коммуникативті қарым-қатынасқа дағдыландыру.

Барысы: әр оқушы өзін барлық қасиеттерін көрсетіп мақтап, жарнамалайды. Жарнаманы тақтаға іліп өзгелер оны бағалайды. Бағаларға қарап жеңімпаздарды анықтаймыз.

«Қошемет» жаттығуы. Мақсаты: оқушылар арасында бір-біріне ілтипат білдіру арқылы жағымды қарым-қатынас қалыптастыру. Өзіне сенімділік деңгейін көтеру.

Барысы: әртіс концерттен кейін өзін қалай сезінетіндігін кім елестете алады? Оқушыларды бір-бірлеп аты-жөнімен ортаға шақырғанда оған барлығы қол соғып қошемет көрсетеді.

«Ақ тілік» жаттығуы. Мақсаты: балалардың көңіл-күйін жоғарылату, өмірге деген қызығушылығын арттыру.

Барысы: түрлі-түсті шарлардың ішіне түрлі тақырыпта тілектер жазып салынған, оқушылар шарларды таңдап алып, тілектерді оқиды.

«Менің достарым» жаттығуы. Мақсаты: балаға өз достарын еске алу арқылы өмірде жалғыз еместігін сезіндіру.

Барысы: А4 парағына балабақшада, аулада, мектепте, басқа да жерлерде достасқан ұл-қыздардың атын асықпай еске түсіріп жазуды тапсырамыз.

Талдау: өз өміріміздегі барлық достарымыздың қызықты оқиғаларын, естеліктерін айтып беруін өтінеміз.

«Жақсылық бейнесі» жаттығуы. Мақсаты: өз бойындағы жаман, жақсы қасиеттері туралы ойландыру. Іштегі жағымсыз жайттарды сыртқа шығару.

Барысы: қатысушылар өз бойындағы жақсы қасиеттерін түрлі-түсті қағаздардан жасалған гүлдерге жазады да тақтадағы табиғат бейнесін толықтырады. Ал жаман қасиеттерін жапырақтарға жазып, ортада тұрған қоқыс жәшігіне салады.

Талдау: құрметті оқушылар, бүгін сіздер жаман қасиеттеріңізден арылып, жақсы қасиеттеріңізбен табиғатты одан әрі гүлдендірдіңіздер. Өз сезімдеріңізбен бөлісіңіздер.

Күйзелісті басатын тыныс жаттығулары:

1. Денені бос ұстап тұрып, екі аяқ иық тұсында, кеудені тік ұстап барынша терең әрі баяу тыныс аламыз. Одан әрі тыныс алуды жылдам әрі тереңдетеміз. Онға дейін тыныстап, соңғы демімізді іште ұстап тұрып жаймен жібереміз.

2. Жарық бөлмеде өзімізге жайлы жерге жұлдыз пішінде, яғни аяқ-қолымызды жан-жаққа созып жатамыз. Көзімізді жұмып, жай ырғақты музыка үнімен бірге демімізді ішке тартып, жаймен музыка ырғағымен сыртқа шығарамыз. Барлық жағымсыз ойларды тоқтатып, тек жағымды музыканың үніне қосылып ыңылдаймыз.

Күйзелісті басатын дене жаттығулары:

1. Өзіңізге жайлы кең жарық жерде денеңізді төмен қарай иіп еңкейіңіз. Екі қолыңызды ары-бері теңселту арқылы терең тыныс ала отырып жиырмаға дейін санаңыз.

2. Бір орында тұрып жоғарыға секіріңіз. Өзіңіздің дене салмағыңызды жеңілдетуге тырысып, биігірек секіруге тырысыңыз.

3. «Аударыспақ» жаттығуы. Балалар екі екіден жұп құрып, теріс қарап тұрып бір-бірінің арқасына тигізіп қолдарын айқастырып ұстап, кезек-кезек бір-бірін көтеріп аударады. Денедегі артық энергияны шығару арқылы іштегі күйзелісті, агрессияны басуға болады. Жаттығу балалар шаршағанға дейін жалғасады. Алдымен қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп кеткен дұрыс.

4. Жеке қалғанда немесе топпен би арқылы дене агрессиясын шығаруға болады. Ол үшін жағымды ырғақты әуенге қойып барынша билеп ырғаққа қосылу керек. Сөзін білгендер дауыстап айқайлап әннің сөзін айтса да болады.

Кез келген жаттығуды орындап болған соң оның әсерімен бөлісіп отыру керек. Және де барлық тапсырмаларды шын ықыласпен, ережеге сай орындағанда ғана түпкілікті нәтиже беретініне сеніңіздер.

Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың танымдық қызығушылығын ойын әрекеті арқылы арттыру

3. АМАНДЫҚОВА

Нәтижеге бағдарланған білім моделінде «Мұғалім оқуды ұйымдастыру шарты ретінде оқыту процесін шығармашылық қарастыруға жауапты» - деп көрсетіледі, яғни оқу процесін ұйымдастыруда «оқушыны қалай оқытуды емес» оқушыны оқуға қалай үйрету қажеттілігін ойластыруды талап етеді. «Ұстаз оқушының танымдық іс-әрекетін жақсы ұйымдастырушы, баланың табысына қатты ынта қоятын, олардың рухани өсуіне мүдделі, ықтиятты да қамқор адам».

Көптеген зерттеулер бойынша танымдық қызметтің толық жетіспейтіндігі қосалқы мектеп оқушыларына тән қасиет екендігі дәлденген.

Дәннің өсіп-өнуі топырағына, күтіміне байланысты болатыны сияқты, бала ақыл-есінің қалыптасуы да өскен ортасына, алған тәрбиесіне, білім алған мектебіне байланысты.

«Мектеп білім ордасы, ұстаз мектеп тұлғасы» - дейді халық даналығы.

«Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні көріп» деп білімді күннің нұрына, мыңның күшіне балайды. Сондықтан оқу инемен құдық қазғандай деп бағалаған халқымыз.

Біздің мектептегі оқу – инемен он құдық қазғандай деуге тұрарлық теңеу. Дәлірек айтқанда, өзім ұстаздық етіп жатқан мектеп-интернатындағы өз шәкірттеріме келетін болсақ, тәлім -тәрбиесі толымсыз, мүмкіндігі шектеулі ұядан ұшқан кемдеу жандарды оқытып білім беру үшін көп еңбек, ұстаздық жылы сезім мен кішіпейілділік, имандылық керек. Ақыл-есі кем дамыған балаларға білім беру, оларға қарапайым түсініктерді жеткізу оңай шаруа емес. Оларды оқытып қана қоймай, көкейіне тоқыту үшін көп тер төгуге тура келеді. Кейбір ата-аналар баласының кемістігін бетіне басып, ұрысып, кекетіп, кемсітіп ұрып соғады. Бұл әрине дұрыс емес. Бұл баланың психологиясына кері әсер ететіндігін түсінбейді. Өз шәкірттеріме әрқашан саналы, ақылды, инабатты екендерін айтып, көңіл-күйін көтермелеп отырамын.

Ақыл-ойы кем балаларға таныту, үйрету машақаттың машақаты, оған шыдамды төзім, оқушыларға деген махаббат, азаматтық парыз, имандылық, парасаттылық керек. Онсыз біздің мектепте ұстаз болу өзіңді өзің қинау, уақыт өткізуге шыдау процесі, «өзіңді-өзің жеумен» бірдей. Мұндай жағдайда өзің де, оқушылар мен ұжымға да абырой әпермейсің. Ақыл-ойы кем балалардың түсіну, ұғыну, есінде сақтау, ойлау қабілетінің және тілінің бұзылғандығы оларды ақыл-ойы жетілген балалардан айырып тұрады. Жетістіктерге қол жеткізу үшін мұғалім алдында отырған шәкірттерінің мінез-құлқын, сана сезімін, жетілу дәрежесін, таным процесінің (қабылдау, зейін, қиял, ес, ойлау) дұрыс қалыптасқандығын қадағалап әрі дамытып отыру керек.

Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман мұғалімге сегіз қырлы бір сырлы

ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Ұстаз алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын, зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әрқилы шәкірттердің жүрегіне жол тауып олардың шығармашылық қабілетін дамыту, күрделі құрылым екендігі даусыз.

Көрнекті педагог В.А. Сухомлинский: «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өмірінде құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болу керек. Осыған қол жеткенде ғана «мектеп – жасөспірімдер үшін рухани өмірдің тілеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесімен сақтаушысына, кітап – мәдениеттің баға жетпес қазынасына айналады» - деген екен.

Сондықтан, ақыл-ойы кем балалармен өткізілетін әрбір сабақты балалар өз күштеріне сенімділігін сезінетіндей етіп, олардың оқуға деген ықыластарын оятып, қызықтыратындай етіп ұйымдастыру қажет.

Қызығу танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші. Оқушыларда танымдық қызығуды қалыптастырудың үш жағдайы бар:

1) оқытудың мазмұны, оның берілу түрі, жаңалығы, ғылым мен техниканың соңғы табыстары;

2) оқушының таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру.

3) мұғалім мен оқушы, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасы, сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету.

Шәкірттерге әсер ету жолдары түрліше. Ұстаз ізденісі әр баланың жандүниесіне үңілуден бастайды. Өзі оқытып жүрген шәкірттерінің өзіндік ерекшеліктерін жете зерттеп, біліп алған соң, әдіс-тәсілдерді деңгейіне қарай іріктеп талдап қолданады. Тиімді пайдалыларын жетілдіре түседі. «Өзгерген қай әріп?» ойыны оқушыларға дыбыстар мен әріптердің айтылу мен жазылу ерекшелігін меңгерту үшін қолданылады. Ойын барысында сөз ішіндегі әріптерді дұрыс жазылуына, бір әріптің өзгеруінен сөздің басқа мағынаға ауысып кеткендігіне оқушылардың назарын аударуға болады.

Бер - жер	Тақта - мақта	Бала - шала
Көл - шөл	Көз - бөз	Жас - тас

«Ойлаң, тап» ойыны арқылы сөздердің мағынасын ажыратқызуға болады. Ойын тәртібі: Оқушылар «мұғалімдер» және «оқушылар» болып екіге бөлінеді. «Мұғалімдер» әр түрлі мағынасы бар сөздерді айтады, ал «оқушылар» осы сөздердің мағынасын түсіндіреді. «Мұғалімдер» мен «оқушылар» өз рөлдерін ауыстырып отырады. Мысалы:

Қой - жануар	Үй - зат	Түс - зат
Қой - қимыл	Үй - қимыл	Түс - қимыл

«Қай сөзді жоғалттым?». Бұл ойын сөз және сөйлем тақырыптарын өткен кезде жүргізіледі.

Мысалы : ... еріді. ... жылынды. Гүл ... Бұлбұл ... Ол ... оқыды. Құстар келді.

«Доп» ойыны. Мысалы: 1-оқушы А – ата. 2-оқушы Атам ертегі айтты.

«Көрші-көрші» ойыны. Ойынның мақсаты : 10 көлеміндегі сандардың ретін меңгерту.

Ойынның мазмұны: Мұғалім бір санды атайды, мысалы: 7 дейді. Жеті саны

тағылған бала ілгері шығып, тақтаның алдына тұрады. Мұғалім: бұл санның көршілері қатарға тұрыңдар!

6, 7, 8 сандарын құрады. Одан соң 6 және 7 сандарын салыстырады. 6-ның 7-ден біреуі кем, 6 -ға бірді қоссаң 7 болады.

«Топтай біл» ойынын алатын болсақ, бұл оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, заттарды белгілі бір тақырып бойынша топтай білуге, олардың не үшін қажеттігін ажыратуға дағдыландырады. Мысалы: Сәбіз, қияр, алма, түйе, жылқы, жүзім, картоп, сиыр, түлкі, қасқыр, алша, т.б. Оқушылар бұл сөздерді топтап жазады. Түйе, жылқы, сиыр – үй жануарлары.

Өз тәжірибемде қолданып жүрген мұндай танымдық ойын түрлерін әр сабақта орынды қолдану, оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге, оқуға ынтасын, пәнге деген қызығушылығын қалыптастырады.

Бастауыш сынып оқушыларының білімге деген ынтасын, мүмкіншіліктерін толық пайдаланып, алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін әр түрлі психологиялық жаттығулар, суретті кестелер, танымдық ойын түрлерін пайдалану ақыл-есі кем балалардың ой-өрісін, дүние танымын, зейінін, есте сақтау, қабылдау, қиялдауын дамытумен бірге танымдық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі.

Сказкотерапевтическая игра для учащихся 5 класса

К. КЫДЫРБАЕВА

Цель: развитие жизнерадостности, уверенности в себе и волевых качеств.

- обучение навыкам самоанализа и самопознания;
- обучение трансформации негативного внутреннего состояния в позитивное;
- актуализация личностных ресурсов.

Ход игры: Позитивный настрой: заставка «В гостях сказки».

Приветствие. Разминка.

Участники называют свои имена и говорят, как они думают, какого они сегодня цвета.

Введение в сказку. Позитивный ролик-заставка «В гостях сказки»

Психолог: Сегодня мы с вами поговорим о состоянии человека, который одержал победу, о том что нужно сделать для того чтобы быть победителем.

Психолог: Знаешь ли ты, кто такой Победитель?

Давным – давно жил Король. Он был очень добрым и справедливым. Как-то он узнал, что у него в стране появился еще один правитель, злой самозванец. И стал этот правитель устанавливать несправедливые законы. Люди начали бояться друг друга, злиться друг на друга и перестали доверять. Бывало, даже следили друг за другом, и передавали разные сплетни. Насту-

пило «смутное время». Не выдержал Король, одел свои рыцарские доспехи и собрал всех преданных ему людей, взял свой верный меч, чтобы изгнать самозванца с трона и прекратить это «смутное время». Он был полон решимости и верил в свою победу. Поэтому не было сомнений в том, что справедливость будет восстановлена и Король одержит победу.

Как вы поняли, что такое «смутное время»? (Ответы детей)

Психолог: В жизни каждого человека бывает «смутное время». Когда он не знает, что ему делать, кого слушать, кому доверять. Когда он мечется от одного дела к другому, потому что не имеет четкой цели. У него в это время плохое настроение, он может стать грубым и невнимательным даже к тем, кого любит.

Задание №1 (работа в группах)

Дайте подсказку человеку, который в своей жизни переживает «смутное время». Как ему вести себя, что делать, а чего не делать, в чем быть осторожным.

Продолжение сказки.

Понял ли ты секрет будущей победы Короля? Как вы думаете, в чем он?

Конечно важны войско и доспехи. Но ведь немало хорошо подготовленных многочисленных армий было разбито. Оказывается, побеждает, тот, кто глубоко, искренне, всем сердцем верит в свою победу. Побеждает тот, кто полон решимости, внутренне собран и подготовлен.

А знаешь ли ты, какие победы бывают в жизни человека? Перечислите их.

Да, конечно победы одерживают над врагами. Но бывают и другие победы. Например, человек может победить трудности и неудобства жизни. Представь, ты волей случая оказался в лесу и тебе нужно прожить там неделю. Там нет ни электричества, ни горячей воды, ни уютной кровати. В лесу нет того, чем ты привык пользоваться каждый день в своей квартире. Там нет магазинов, чтобы купить еду, нет и плиты, чтобы ее приготовить. В лесу есть только твой ум, твои умелые руки и быстрые ноги, а так же то, что родил сам лес. Оказавшись в таком положении, некоторые могут испугаться, расплакаться и печально опустить руки. И тогда трудности победят их. Задача человека в такой ситуации победить свои слабости – страхи и печали. Победить и приспособиться к новым условиям жизни. Такие победители выживают не только в лесу, но и на необитаемых островах.

Задание №2

Внутри тебя живет Король – Победитель. Он умеет побеждать не только внешних врагов, но и собственные слабости. Нарисуй его. (Обсуждение вывешиванию рисунков детей)

Продолжение сказки. Волшебники говорят, что самые важные победы в жизни человека – это победы над самим собой, над своими слабостями и капризами.

Задание №3

Составьте портрет своего характера из перечисленных слов: добрый, злой, слабохарактерный, решительный, самостоятельный, скромный, хвастливый, честный, нежный, терпеливый, смелый, хвастливый, честный, нежный, терпеливый, смелый, настойчивый, уверенный, чуткий, мужественный, вспыльчивый.

Продолжение сказки. Многие взрослые владеют этим искусством побед над собственными слабостями. Они учились этому с детства. Например,

не хотелось им идти в школу или готовиться к контрольной работе, но они побеждали свое нехотение, подготавливали необходимые задания. Такой опыт маленьких побед над собой очень помогает им во взрослой жизни. Ведь взрослым приходится решать гораздо более трудные задачи вопросы, чем преодоление собственных капризов или подготовка домашних заданий.

Маленькие победы над собой, над своими капризами, ленью, слабостями называют «самодисциплиной». Благодаря ей осваивается искусство Победителя. Человек приобретает привычку побеждать.

Задание №4. Представь себе, что ты пришел на встречу с Королем – Победителем. Такая встреча называется аудиенцией. Что ты хочешь у него спросить? Какие советы он может тебе дать, чтобы помочь тебе побеждать слабости?

Что ты хочешь спросить у Короля – Победителя?

Советы, которые может тебе дать Король – Победитель для того, чтобы помочь тебе побеждать слабости.

Продолжение сказки. Знаешь, некоторые ребята, обладающие большой силой, любят показывать, какие они сильные. Им нравится, когда их боятся. Они думают, что через страх они получают от других уважение. Но это не так. Страх и уважение – это совершенно разные вещи. Более того, страх убивает уважение. По – настоящему люди уважают тех, кто научился побеждать самого себя за счет внутренней силы.

Задание №5. Придумай пять законов будущей победы. Для этого закончи пять раз две фразы: «Чтобы побеждать, нужно ...» и «Чтобы победить свои слабости, капризы и лень, нужно...»

Задание №6. Творческая деятельность. Подумайте и напишите, какими качествами характера должен обладать человек, чтобы победить внутренних и внешних врагов.

Класс делится на 2 группы. Каждой группе выдается лист, на котором изображен контур человека. Группы должны подобрать качества и записать их вокруг человека.

Конверт №1: снисходительность, злорадство, эгоизм, конфликт, доброта, уважение, понимание, миролюбие, бессердечность, сострадание, великодушие, бестактность, сердечность, хвастовство, равенство, грубость, милосердие, зазнайство, благосклонность,

Конверт №2 миролюбие, доброта, бессердечность, прощение, равенство, уважение, милосердие, вспыльчивость, диалог, раздражение, сердечность, конфликт, великодушие, поддержка, миролюбие, сотрудничество, равенство, сострадание, скупость, ложь, согласие, зависть.

Обсуждение игры. Участники занятия обсуждают игру, делятся своими впечатлениями. Отвечают на вопросы.

От сердца к сердцу. Участники рассказывают о своих ощущениях.

Тест на определение степени развития вашей воли.

1. В состоянии ли вы завершить начатую работу, которая вам совсем не интересна?

2. Преодолеваете ли вы без особых усилий внутреннее сопротивление, когда нужно сделать что-то неприятное?

3. Когда вы попадаете в конфликтную ситуацию, в состоянии взять себя в руки?

4. Если вам прописана диета, сможете ли ее не нарушать?

5. Можете ли вы утром встать раньше обычного, как было запланировано вечером?

6. Останетесь ли вы на месте происшествия, чтобы рассказать о нем?

7. Быстро ли вы отвечаете на письма?

8. Если у вас вызывает страх предстоящее посещение стоматологического кабинета, сумеете ли вы быстро преодолеть это чувство?

9. Являетесь ли человеком слова?

10. Собираетесь ли вы поехать в летний лагерь?

11. Вы отправляетесь в летний лагерь без колебаний?

12. Строго ли вы поддерживаетесь распорядка дня: времени пробуждения, приема пищи, занятий, уборки и прочих дел?

13. Относите ли вы неодобрительно к библиотечным задолжникам?

14. Вы отложите выполнение срочной работы, чтобы посмотреть интересную передачу?

15. Сможете ли вы прервать ссору и замолчать, какими бы обидными ни показались вам слова «стороны противника»?

Да – 2 балла, Нет – 0 баллов, Не знаю – 1 балл

0-12 баллов. Вам нужно развивать илу воли. Вы просто делаете то, что легче и интереснее, даже если это в чем – то может повредить вам. К обязанностям относитесь нередко спустя рукава, что бывает причиной разных неприятностей для вас. Ваша позиция выражается известным изречением: «Что, мне больше всех надо?». Любую просьбу, любую обязанность вы воспринимаете чуть ли не как фактическую боль. Дело тут не только в слабой воле, но и в эгоизме. Постарайтесь взглянуть на себя с учетом такой оценки – может быть, это поможет вам изменить свое отношение к окружающим и кое-что «переделать» в своем характере. Если удастся – от этого вы только выиграете.

13-21 балл. Сила воли начинает проявляться в вашем характере. Если столкнетесь с препятствием, то начнете действовать, чтобы преодолеть его. Но если увидите обходной путь, тут же воспользуетесь им – не переусердствуете, но и данное вами слово сдержите. Неприятную работу постарайтесь выполнить, хотя и поворчите. По доброй воле лишние обязанности на себя не возьмете. Это иногда отрицательно сказывается на отношении к окружающим. Если хотите достичь в жизни большего, тренируйте волю.

22-30 баллов. С силой воли у вас все в порядке. На вас можно положиться – вы не подведете. Вас не страшат ни новые поручения, ни дальние поездки, ни те дела, которые некоторых пугают. Но иногда ваша твердая и непримиримая позиция по принципиальным вопросам досаждала окружающим. Сила воли – это очень хорошо, но необходимо обладать еще и такими качествами, как гибкость, снисходительность, доброта.

Конверт №1: снисходительность, злорадство, эгоизм, конфликт, доброта, уважение, понимание, миролюбие, бессердечность, сострадание, великодушие, бестактность, сердечность, хвастовство, равенство, грубость, милосердие, зазнайство, благосклонность,

Конверт №2 миролюбие, доброта, бессердечность, прощение, равенство, уважение, милосердие, вспыльчивость, диалог, раздражение, сердечность, конфликт, великодушие, поддержка, миролюбие, сотрудничество, равенство, сострадание, скупость, ложь, согласие, зависть.

i

Есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар

Д. НИЯЗОВА

Есте сақтау қабілетін арттыру

Ес – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін күрделі процесс.

Бір нәрсені еске сақтау – оны байланыстыру деген сөз. Осы байланыстарды психологияда ассоциация деп атайды. Ес басқа да танымдық процестермен тығыз байланысты. Ол, әсіресе, ойлау процесі үшін өте маңызды.

Есте қалдырылатын немесе қайта жаңғыртылатын нәрсенің сипатына қарай ес төртке бөлінеді. Олар:

1. *Қозғалыс немесе моторикалық ес* – ойың, еңбек әрекетіне байланысты туып отыратын қимыл-қозғалыстарды есте қалдыру мен қайта жаңғыртып отыру. Естің бұл түрі қозғалыс дағдыларын қалыптастырудың негізі болып табылады.

2. *Образдық ес* – заттар мен құбылыстардың нақты бейнесін ойда қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініп отырады. Оқушыларда сабақтың материалын жақсы есте қалдыру үшін бейнелік есті пайдалануға болады. Ол үшін, мысалы, информатика сабағында берілетін тапсырмаларды компьютерде әр түрлі сурет, схемалармен түрлі-түсті етіп берсе жақсы есте сақталып, балалар ұмытпайды және қажет кезде тез қайта жаңғырта алады.

1. *Сөз-логикалық ес* – ұғым, пікір, ой қорытындыларын есте қалдыра алу қабілеті. Естің бұл түрі философтар мен математиктерде жақсы дамыған. Сөз-логикалық естің оқу процесінде маңызы зор.

2. *Эмоциялық ес* – сезімдерді есте қалдырып отыру. Естің бұл түрі бойынша оқушыларда сабақтағы жағымды және жағымсыз сәттері мен ұнамды, ұнамсыз жақтары жақсы есте қалады.

Оқыған материалдарды есте қалдыру үшін мына төмендегі шарттарды орындап отырған абзал:

1. Есте қалдыруда әр кез алдында мақсат қойып отыр.

2. Есте қалдыру материалдың қоғамдық, практикалық мәні мен адамның нақты қажетіне де тәуелді болады. Мысалы, сен материалды оқығанда бір қажетіме керек болар деп оқитын болсаң, оны ұғыну, есте сақтау қиынға соқпай-

ды.

3. Оқылатын материалды жоспарлай білу де есте қалдыруға көп жеңілдік келтіреді. Материалдың ішінен еске тірек боларлық жерлеріне барынша көңіл бөлу, еске қалдыруды нәтижелі етеді.

4. Есте қалдырған материалды адам мүмкіндігінше өз сөзімен өзі құрастырған сөйлемдерімен айтып бергені абзал. Егер оқушы мұғалімнің айтқанын сөзбе сөз айтып беретін болса, көп кешікпей сол оқығанын ұмытып қалуы мүмкін.

5. Материалды жақсылап есте қалдыру адамның өзін-өзі тәрбиелей алуына, яғни өзінің есте сақтауына да тәуелді. Мысалы, адамның еңбегі жақсы ұйымдасқан болса, есте қалдыру дәрежесі де жоғары болады. Күндік режимге мән бермейтін, өзін көлденеңінен кезіккен нәрселер билеп кететін адамдардың есте қалдыру дәрежесі айтарлықтай болмайды.

6. Есте қалдырудың сапасы дұрыс қайталай алуға да байланысты. Әдетте оқу материалын бір қайтара оқып, жаттап алуға болмайды. Белгілі уақыт ішінде жиі-жиі қайталап жаттаудың да қажеті жоқ. Мысалы, өлеңді бірден жаттап алса, ол тез ұмытылады. Сондықтан оны бірнеше уақытқа бөліп жаттау қажет. Бірақ, арадағы үзіліс те тым ұзақ болмасын. Тек көлемі шағын материалды тұтас күйінде жаттауға болады. Егер материал көлемді болса, логикалық ой сақталатындай етіп, оны бөлген пайдалы. Мұндайда қайталаудың саны азырақ болады және ол есте ұзақ сақталады. Сондай-ақ жатталған нәрсені ұмытып кеткен соң қайталау пайдасыз, оны ұмытпай тұрып қайталау керек.

Жаттаудың жасанды әдісінің бірі-механикалық (мағынасын түсінбей) есте қалдыру. Егер мағынаны есте қалдырудың мәнісі құбылыстардың ішкі мәніне, олардың бір бірімен байланысын түсіну болтын болса, механикалық есте заттар жай сыртқы байланысқа түседі. Шетел сөздерінің жазылуы мен айтылуы, қиын сөздер мен атауларды, көше, жер-су аттарын, телефон номерлерін есте қалдыру қажет болған кезде естің осы түріне жүгінеміз.

Адам көп білген сайын ақыл ойы да өрістеп, кемелдене береді. Ақылды адам тәртіпті, өзін жақсы ұйымдастыра алатын кісі. Сондықтан ақыл ойын байытқысы келген әрбір оқушы өзін темірдей тәртіпке, саналылық пен жүйелілікке баулуы тиіс.

Есте сақтауды дамытуға арналған жаттығулар.

«Суретшілер» ойыны. Алдын ала сайланған жүргізуші 20 сөзден тұратын тізім дайындайды. Әр қатысушы қарындаш немесе қаламсап және қағаз даярлайды. Жүргізуші тізім бойынша сөздерді ретімен оқып, 3-ке дейін санап отырады. Сол уақыт ішінде қатысушылар қандай болмасын тәсілдерді пайдаланып суреттеуі керек. Суреттері басқаларға түсініксіз болса да, өзіне түсінікті бола болып, сөздерді ретімен айтып шықса болады. Ал, кім көп сөзді ретімен дұрыс есте сақтап, айтып шықса, сол ойыншы жеңімпаз атанады.

«Әңгімелеу» ойыны. Жүргізуші мәтін оқиды. Ойынға қатысушылар мұқият тыңдайды. Мәтіннің мазмұнын әңгімелеуді кез келген ойыншыдан бастайды. Әрі қарай сағат тілімен жалғасады. Әр қатысушы бір сөйлеммен толықтырып отырады. Содан соң мәтінді тағы бір рет оқып шығып, мазмұнына толықтырулар енгізеді, қателерін түзетеді.

«Мәтінді еске сақтаймыз». Ойынға қатысушылар екі командаға бөлінеді. Жүргізуші мәтін оқиды. Барлығы тыңдап алады. Содан соң әр ойыншы қағаз бе-

тіне есте қалдырғанын жазып шығады. Әр топ мүшелері ақпараттарымен алмаса отырып, мәтінді есте қалған түсініктері бойынша қалыпқа келтіреді. Барлық қатысушылар құрастырылған мәтіндерін оқып, қорытындыларын салыстырады.

Материалды есте қалдырудың көлемін арттыруға арналған жаттығулар.

«Байқа, сақта». Ойын серуен кезінде ұйымдастырылады. Балаға 5-10 минут ішінде алдындағы көріп отырған көріністің барлық белгілерін есте сақтау тапсырылады. Мысалы, егер бала үйді көріп тұрса, ол неше қабатты, неше есік, әйнектері барын және т.б. белгілерін сақтауға тырысу керек. Егер саябақтың көрінісі болса, онда қандай ағаштар бар, биіктігі сияқты белгілерін айту қажет.

Белгіленген уақыт аяқталған соң ойыншылар қарсы жаққа бұрылып, есіне сақтаған белгілерді ретімен айып шығу керек.

Ұйымдастырушы сұрақ та қоя алады. Мысалы, «Демалуға арналған орындықтың түсі қандай?» Әр дұрыс жауапқа бір ұпай беріледі.

«Алтыншыны ата» ойыны. Ойынға бірнеше ойыншы қатысады. Біреуі жүргізуші. Ол қатысушылардың біреуіне «Алтыншыны ата»-деп бес өсімдік (жануар, құс, балық, жәндік және т.б.) атын тез айтып шығады. Жүргізушінің топтамасына алтыншы-сын тез жалғастыру керек. Бір сөз қайталанбау керек. Жауап кідіріссіз берген ойыншы жүргізуші болады. Ал, егер жауап бере алмаса жүргізуші өзі жалғастырады.

«Сөз» ойыны. Балаға төмендегі тақырыптар бойынша неғұрлым көп сөз жазуын тапсыру керек.

1) мектеп, 2) музыка, 3) кітап, 4) математика, 5) дүниетану, 6) мәдениет, 7) қыс, 8) көктем, 9) жаз, 10) күз.

Әр тақырып бойынша 5 минут уақыт бөлінеді. 2-3 тақырыптан бөліп, ойынды бірнеше сабақта өткізуге болады. Ойын төменгі сынып оқушыларының сөздік қорын молайтуға көмектеседі.

Мектеп, оқушы, ата-ана ынтымақтастығын нығайтуға арналған психологиялық тренинг

Г. ОЛЖАБАЕВА

Мақсаты: оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы ата-аналармен бірлесе жұмыс жасау, сынып мен мұғалім, мұғалім мен оқушы, мұғалім мен ата-ана арасындағы өзара қарым-қатынасты байланыстыру, нәтижелі жетістікке қол жеткізу үшін жан жақты бірлескен әрекеттің ерекшеліктерін ескере отырып кездесетін қиындықтарды жоюға бірлесе жол таба білуге бағыттау.

Міндеті: саналы білімге ата-аналарды, оқушыларды, мұғалімдер ұжымын тарту, оқушылардың жеке психикалық дамуында болатын кейбір қолайсыздықтың алдын-алу; ата-аналарға, оқушыларға кейбір мәселелерді шешуде көмек көрсету.

Көрнекілік: үлкен жеңіл доп.

Әдіс-тәсілдер: қимылды жаттығулар, ортақ пікірлесу.

Тренинг жоспары:

- I. «Танысу» жаттығуы;
- II. «Допты жүгірту» жаттығуы;
- III. «Қасқыр мен қоян» жаттығуы;
- IV. «Бері қарап, әрі жалға» жаттығуы;
- V. «Мадақтау» жаттығуы;
- VI. Қорытынды

Ұйымдастыру барысы:

- Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар, ұстаздар, осы кештің қонақтары! Бүгінгі ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер, сіздерді бүгін осы зал төрінен көргеніме өте ризамын!

Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймын. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану. Отбасы – Адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Бала тәрбиелеу жолында түрлі жағдаяттармен байланысып жатамыз, сондай қиыншылықтарға мойымау үшін сіздерге көмек, әрі кеңес ретінде осындай жаттығуларды орындап жүрулеріңізге ұсынамын.

I. «Танысу» жаттығуы.

Ата-аналар екі-екіден бөлініп, бір-бірімен сұхбат алып танысады, ортаға шығып, бірін-бірі жан-жақты түрде таныстырады.

II. «Допты жүгірту» жаттығуы.

Ойынға қатысушылар бойының ұзындығы бойынша сап түзеп тұрады. Ойыншылардың ең ұзыны бастап допты теріс қараған күйінде, артындағы ойыншыға қос қолымен жоғары көтеріп, желкесінен асырып, иығымен демеп, жерге түсірмей, домалатып соңғы ойыншыға дейін бірінен соң бірі жеткізіп жалғайды. Осылайша шағын топтың ынтымақты түрде ұйымшылдық іс-әрекеті мен татулығы бағаланады.

Талқылау:

- Қандай әсер алдыңыздар?
- Не қиындық туғызды?

III. «Қасқыр мен қоян» сергіту жаттығуы.

- Ең бірінші сіздермен жүйке жүйемізді дамытуға арналған жаттығу жасау арқылы бастамақпын. Яғни біз, ата-аналар тәуліктің көп уақытын үй жайында боламыз, үйде жүріп миға арналған жаттығулар жасай бермейіз. Сондай кезде ойлау жүйке жүйеміздің жұмысын жақсартуға арналған «Қасқыр және қоян» жаттығуын орындауға шақырамын. Ол үшін алдымен екі алақанымызды бет-тестіріп, жай ғана ысқылап жылытамыз да соғамыз, жылытамызда соғамыз,

жылытамыз да соғамыз (үш рет қайталаймыз). Одан кейін оң қолымыздың үш саусағы арқылы «қасқыр», ал сол қолымыздың үш саусағы арқылы «қоян» белгісін жасаймыз. Міне былай ... және өте тез жасауға, қателеспеге тырысамыз. Осылайша бірнеше рет жасап жаттығамыз, екі қолымызды бір мезгілде екі түрлі қимыл жасау арқылы. Өте жақсы! Тамаша! Жарайсыздар!

IV. Бері қарап, әрі жалға» жаттығуы.

- Ортаға бірнеше адам шығамыз, шеңбер жасап, бірінің артынан бірі жалғасып,теріс қарап тұрамыз. Бұл жаттығу барысында нұсқаушы-психолог ым-ишара, іс-қимыл арқылы ең артында тұрып өзінің алдында тұрған соңғы қатысушыны түртіп, өзіне, бері қаратып, әрі жалғауға оған қимылмен баяндайды, ал оны шеңбер жасап тұрған қатысушылар одан әрі өзінің алдында тұрған қатысушыға, бұлжытпай жеткізуі тиіс. Осылайша, бұл жаттығу соңғы ойыншының қабылдауымен салыстырмалы түрде берілген ақпаратты кімнің қалай қабылдап жеткізуі барысында өзгеріске ұшырағаны анықталады. Жалпы өмірде де берілген ақпараттар біреуден басталып, арада бірнеше адамның айтуымен түрлі өзгерістерге ұшырап, бұрмаланып жетеді. Бұл жерде де сондай жағдайды көруге болады.

Талқылау:

- Қандай әсер алдыңыздар?
- Не қиындық туғызды?

V. «Мадақтау» жаттығуы.

Жаттығуды жүргізуші психолог залдағы қатысушыларға нұсқау береді.

- Осы жерде отырған барлық қатысушылар орнымызға ыңғайлы отырып алайық.

1. Оң қолымызды шынтағымыздан бүгілген күйінде жоғары көтеріп, алақанымызды өзімізге қаратып, шынтақ астынан сол қолымызбен демеп ұстаймыз;
2. Оң қолымызды иықтан асыра көтеріп, арқамызға жеткізіп, алақанымызды қоямыз;
3. Арқамыздан алақанымызбен жайменен қағамыз, қағамыз, қағамыз.

Талқылау:

- Қандай әсер алдыңыздар?
- Не қиындық туғызды?
- Не байқадыңыздар, өздеріңізді қалай сезіндіңіздер?
- Бұл – сіздердің өмірдегі өз-өздеріңізге арналған шынайылық, мадақтау. Бұдан не байқауымызға болады? Біреу біздің арқамыздан қағып, «Жарайсың!» деп мадақтау айтса іштей марқайып, сәл көтеріліп, риза болып қаламыз. Ендеше, өмірдің түрлі үлкен-кіші кедергілеріне мойымай, өзімізге ризашылық жасап, демей жасап жүрейік, арқамыздан жиі-жиі қағып қояйық. Мен сіздерге бүгінгі алғысымды осы жерде, осы жаттығу арқылы өзді-өзі арқаларыңыздан қағуларыңыз арқылы білдіргім келеді. Бүгінгі ата-аналар жиналысына келгендеріңізге рақмет!

VI. Қорытынды.

Бала әрдайым ата-ананың аялы алақанын қажетсініп тұрады. Қиындықтар туған сәтте ата-анасының тарапынан қолдау тауып, үлкен сенім артылған бала ісі оңға басады.

Авторлар туралы мәлімет

Сведения об авторах

АБСАТОВА Алима Бакирақызы – «Шеңгелді» орта мектебінің психологы. Отырар ауданы, Түркістан облысы.

АЛДАБЕРГЕНОВА Камшат Убайдуллақызы – «Бейнеу лицейі» ММ педагог-психологы. Бейнеу селосы, Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы.

АМАНДЫҚОВА Зина – Қаскелең қосалқы мектеп-интернатының бастауыш сынып мұғалімі. Қарасай ауданы, Алматы облысы.

ЕСЕНҒАЗЫ Нұрлан Ізденұлы – Ақтөбе облысының бас биі. Ақтөбе қаласы.

ГУСМАНОВА Сауле Мубенбековна – логопед Реабилитационного центра №2 г. Астана.

ИМАНАЛИЕВА Айнагүл Тастайбекқызы – №76 негізгі мектебінің психологы. Аққұлақ елді мекені, Арал ауданы, Қызылорда облысы.

КЫДЫРБАЕВА Куралай Оразовна – педагог-психолог Белагашской СШ Жаксынського района Акмолинской области.

МАХАНОВА Асель – психология ғылымдарының магистрі, «Зердеш» зияткерлік мектебінің педагог-психологы, директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары. Алматы қаласы.

МЫРЗАХМЕТОВА Динара Жұмабайқызы – С. Ерубаев атындағы шағын жинақты жалпы орта мектеп коммуналдық мекемесінің педагог-психологы. Қарғалы ауылы, Отырар ауданы, Түркістан облысы.

НИЯЗОВА Дамира Қауашқызы — Жылыбұлақ негізгі мектебінің психологы. Шарбақты ауданы, Павлодар облысы.

ОЛЖАБАЕВА Гулнафис Кадировна – «С. Жаңғабылов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің педагог-психологы. Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы.

ПИВОВАРОВА Н.В. – преподаватель Есикского педагогического колледжа Алматинской области.

СОСНИНА Ольга – психолог средней школы №18, г. Астаны.